

Шапақ Унзила

ҚАЛМАҚ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖЕРГЕ ДЕГЕН МЕНШІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫН ТАРИХИ ТҮРҒЫСЫНАН АШУ

Шапақ Унзила

ОТКРЫТОЕ ОБЩЕСТВО С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ СОБСТВЕННОСТИ НА ЗЕМЛЮ

Жер ежелден бері көшпелі монғол қоғамының экономикалық тұғыры болып табылатын мал шаруашылығы өндірісінің негізі. Сондықтан монғол текті қалмақтарда да жерді иемдену қатынасы бұрыннан қалыптасқан ұғымға саяды.

Көшпелілерде жер әртүрлі контексте, әртүрлі тұрғыда және әртүрлі өлшемде қарастырылған. Сондықтан көшпелілердің ой-санасындағы жерге деген түсінігін, көзқарасын және олардың мәнін, мазмұнын терең ашып түсініп алмай, жердің құқықтық табиғатын ашу мүмкін емес.

Заңгер ғалым З.Ж. Кенжалиев: «Көшпелілердің жерге деген құқықтық көзқарасының негізінде «жер – отан» деген ұғым-түсінік жатыр. Олар жердің өздерінен бөле жара қарамайды, керісінше оны өздерінің тарихы, тәни және рухани өмірінің бір бөлігі әрі заңды жалғасы есебінде қабылдайды. Көшпелі ұғымында жер жансыз табиғи құбылыс – жәй ғана аумақ емес, ол – жанды бейне. Жанды болғанда қасиетті бейне – «жер – Ана» келбетінде көрініс табады. Міне, осыдан келіп жер мен көшпелі арасындағы ара қатынас өзара тең әрі туысқан екі субъект арасындағы моральдық (құқықтық) қатынас түрін қабылдайды. Көшпелі өзін жер – Ананың баласы, соның перзенті деп есептейді, содан тудым, өмірімнің бастауы жер дейді» деп жазған [1, 102 б.]. Монғол көшпелілерінің көзқарасы да осыған ұқсас.

Қалмақтардың жерге деген меншіктік қатынасын, жерді иемдену қатынасын анықтау үшін «нутуг» (нутук) («*мекен У.Ш.*»), «нүүдэл» (нэ үдэл) («*қоныс У.Ш.*») деген монғол, қалмақ сөздердің мағынасын терең түсіну қажет. Осы ұғымдардың мазмұнын түсіну арқылы көшпелі қалмақ қоғамындағы жерге байланысты құқықтық қатынастарды, яғни жер-қоныс мәселесін және көші-қон тәртібін аша аласың.

Монғолтанушы кейбір ғалымдардың пікірінше «нутуг» жер деген ұғымды, ал «нүүдэл» оны пайдалану нысанын көрсетеді дейді. Демек «нутуг» («*мекен*», «*жер-қоныс*») және «нүүдэл» («*көші*», «*көші-қон*») сөздерінің болмыстық мәні монғолдардың көшпелі өмірінің нақты табиғатын ашатыны, жер қатынасының болмысын, ерекшелігін айқындап беретіні сөзсіз.

Академик Б.Я. Владимирцов XI – XIII ғасырлардағы монғолдардың жер қатынастарын зерттей келе, ол кездегі монғолдар тума

туыстарымен бірге көшіп қонып жүргенін, олардың мал жайылымы мен мекен қоныстары бірге орналасқанын дәлелдейтінін және тұрақты өзара жанжал, соғыстардың нәтижесінде елді мекендерінен көшіп, қоныс аударатыны, олардың жерді қауымдық меншік ретінде пайдаланғанын белгісі болар деп қарастырады [2, 36 б.].

Жапон ғалымы Ш. Ивамура «Монғол құпия шежіресін» зерттеген батыс, шығыс ғалымдарының еңбектерін қарай келе, «нутуг» деген сөздің мағынасын Хэниш, Пеллио «жайлау мекені», ал Нака мен Кобаяси «өмір сүретін мекен» деп қарастырғанын айтады. Ивамура «нутуклаж» («*мекендеп*») деген сөзді түрік жазбаларындағы «кишлаг» («*қыстақ*») сөзімен салыстыруға болады дейді. Сонымен қатар «мекен» деген сөз «жайылым» және «қыста жылқы малын бағатын жер» деген мағынамен қытай деректерінде кездесетінін жазады. Юань мемлекеті кезінде «*ing pani*» деген сөз қолданған, ол жайылым жер деген мағынаны білдіретін сияқты. Сондықтан Юань мемлекетінде қолданылған «*ing pani*» қыстақ деген мағынаны білдірген [2, 86 – 87 бб.] деп түйін жасаған екен.

XIII ғасырдың басынан бастап орта Азия және Иран мемлекеттерінде қоныс аударатын, қоныс тебетін орынды, яғни «жер-қонысты» «юрт» деп атап қолданатын. Г.А. Федоров–Давыдов XIII – XIV ғасырларда парсы тілінде «юрт» деген сөздің мағынасын үй, қонатын жер, жұрт деп аударған [4, 44 б.].

Ежелгі түрік сөздіктерде «юрт» (йурт) деген сөз «үй, там», «иелік», «қоныстанатын жер», «жер су», «мекенді жер» деген мағынаны білдіреді [5, 282 б.].

XIII – XIV ғасырда «юрт» дегеніміз «жер, кеңістік», «нутук, жайылым» мағынада қолданылған дей келе, монғолтанушы Б.Я. Владимирцов «ежелгі монғол қоғамының шаруашылық бірлестігінің қоныстану мекенін монғолша нутук, түрікше юрт, йурт дейді» деген байламды пікірге келеді [6, 43 б.].

Н.Н. Поппе «нутук» деген сөзді орыс тілінде «кочевье, родина» деп аударған, яғни қоныс мекені, көші-қон мекені, туған жер, жұрт деген мағынаны білдірген деп түсіндірген [7].

Мына жерде байқайтын бір жағдай йурт деген сөз қазақтың жұрт деген сөзімен үндес екендігі.

Жоғарыда айтылған йурт, нутук деген сөздердің ішінен монғол және қалмақ тілінде «нутук (нутук)» сөзі кеңінен қолданылған. Нутук дегеніміз жер кеңістік ұғымынан басқа елді мекен, қоныс, жер су, жайылым деген мағынаны да білдірген. Сонымен қатар «нутук» монғолдардың, қалмақтардың жерге деген меншік ұғымын, иелігін, пайдалану нысаны қатынастарын білдіретін ұғым.

XIII – XIV ғасырдың бірінші жартысында монғолдарда жер иеленудің 3 нысаны болған: 1) түмэн және мыңдық иелік жері немесе «**әкімшілік**» иелік жері; 2) хан иелігі немесе ұлы алтын тұқым «**ұлы аураг нутук**» иелік жерлері; 3) дала аристократтарының немесе иелікке ілтипатпен бұйырып еншілеген қоныс мекен «**дархалсан (соёрхол) нутук**» жері.

XIII ғасырда Шыңғыс хан өзіне адал қызмет атқарған мемлекет қызметкерлеріне (Хорчи, Сорқан Шара) және қайын-жұртына (Қоңырат руынан шыққан атасы Дай шешенге) малға шұрайлы, қоныс тебуіне оңтайлы үлкен кеңістік жерді өз ілтипатымен, бұйрық арқылы иелікке бергені деректерде кездеседі. Мысалы, Юаньши деп аталатын Юань мемлекет тарихы еңбегінің 119 бетінде жазылған.

Ал XIV ғасырдың бірінші жартысынан XVII ғасырларда монғол мемлекеті ыдырау кезеңін басынан өткізді. Осы ыдыраудың ең басты себебі, жер қатынастарында меншіктік қатынастың пайда болуымен тікелей байланыста екені тарихи деректерден айқын көрінеді.

Жоғарыда көрсетілгендей, Шыңғыс ханның XIII ғасырда хандық билікті орталықтандырып, басқару билікті күшейту мақсатында, өзіне жақын, мүддесі бір ноендарға иелікке ілтипатпен бұйырып бекіткен жер-қоныс мекендері және алтын тұқым иемденіп отырған жер-қоныс мекендері келе келе меншіктік мекенді жерлерге айналады. XIII – XIV ғасырдың бірінші жартысында монғолдарда жер иеленудің 3 нысаны болса, енді бұл жерлер жер меншіктенудің нысанына айналады. Сонымен қоса, көшпелі монғол мемлекет ірі ноендардың өзара жанжал, дау туындаудың негізгі көзі бола бастайды. Кезінде ханнан жайылым жерді иелену, пайдалану мақсатында үлеске алған ноендар енді өздерін осы үлкен қоныс-мекен жерінің толық құқылы қожайынын ретінде санады. Табиғаттың заңдылығына сәйкес, үрім бұтақтарының өсіп өнуіне байланысты, тұрғындарының саны да ұлғайып, түтіндері көбейіп, меншік иесі өзін, өз құзырындағы кеңістікте абсолютты құқыққа ие хан есебінде сезіне бастады. Демек XIV ғасырдың соңында монғол территориясында жоғарыдай меншік иегерлердің саны молайып, олар өздерін жеке жеке хандық есебінде ұстаған. XIV ғасырдың II жартысынан XVII ғасыр аралығында монғол елі оңтүстік және солтүстік деп екіге бөлініп және оңтүстік монғолдар алты иелікке,

солтүстік монғолдар төрт иелікке бөлінген болатын. Оңтүстік монғолдар құрамына халха, цахар, ордос, урианхай, түмэд, харчин, юншебу және асуд рулары кіреді [8, 96 б., 9, 82 б.].

Ойраттардың құрамына келесі төрт ру кірген: дөрбет (чорос), торғауыт, хошауыт, хойт.

XIV – XVI ғасырларда төрт ойрат жер иегерлері (ноендар) жайылым және көші-қон мәселелері бойынша өзара жанжалдасу және дауласу сияқты күреске барып отырғанымен, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан біріктіріліп, XVII ғасырдың басында чорос руынан шыққан Батыр хунтайж билікті өз қолына шоғырландырып «Жоңғар хандығын» құрды. Бұл мемлекеттің құрылуы, ойраттар мемлекеті территориясының толық анықталғанын, яғни оңтүстік монғолдар мен солтүстік монғолдардың арасындағы жер мәселесінің белгілі деңгейде шешілгенін білдіреді. Сонымен қоса тарихи деректерге жүгінсек, ойрат ноендарының арасындағы жер дауы да бір шешімге келген сияқты, демек ноендар жерді толығымен меншікке, еншіге иемденгенге ұқсайды. Ойрат Заяа банди еңбегінде мынадай жолдар кездеседі «Хундулен Убаши нутуқына көшіп ...», «Абалай нутуқы Ертиске қарай көшті ...», «Цэцэн хан өз нутуқын (ұлысын) алып көшті» және т.б. [10, 60 – 61 бб.].

Көрсетілген дерекке сүйенсек, нутук ұғымына біріншіден елді мекен, жайылым, көші-қоныстарды, екіншіден осы елді мекендегі тұрғын адамдарды, демек ұлыстарды қамтып енгізген. Елді мекен, жер су аттары «газар нутгийн ойллого бичиг (жер, елді мекен түсіндіру жазбасы)», «газар усны сан тахилгын судар (жер суға құлшылық және құрбандық шалу кітабы)» сияқты дерек көздерде, халық ауыз әдебиеттерінде сақталған. Аталмыш деректер төрт ойраттардың өмір сүрген елді мекендерін толықтай ашып көрсетеді.

Көшпелілер жерді иемдену, пайдалану, билік етуді, яғни меншіктенуді тек көш арқылы жүзеге асырған. Көш деген сөз монғол тілінде «нүүдэл» деген мағынаны білдіреді, сонымен қоса тар және кең мағынасында қолданылады.

Ш. Иватура «нүүдэл (нэ үдэл) (көш)» деген сөзді түрікше жайлау сөзімен мағыналас деп қарастырған [3, 86 – 87 бб.]. Сонымен қатар «нэ ү» деген сөз тек қозғалып көшуді ғана емес жаз уақытында көшіп мал бағуды мегзейді дейді, Ш. Иватура.

Жер-қоныс мәселесі оның түрлерін анықтауды, көші-қон тәртібі жер қоныстың белгілі бір түрінен келесі түріне көшу тәртібін, жаңа жер-қонысқа көшіп келу, жерді пайдалану, иемдену ережесін белгілеген.

Қалмақ көшпелі мемлекетіндегі жерге деген құқықтық қатынасын, соның ішінде меншіктік қатынасы мазмұнын ашу үшін **жер-қоныс (қоныс мекені) аумағына билік ету құқығын,**

көші-қон құқығы және көшу (қоныс аудару) құқығы ұғымдарын айыра білген жөн. Жер-қоныс аумағына билік ету құқығы жер меншігінің негізгі элементі болып табылады. Шын мәнінде қалмақтың беделді тайшы тәуелді ноендарына жер-қонысын бөліп, көрсетіп берген.

Тарихи деректерде, Шыңғыс хан қалмақтардың ата тегі «орман тұрғындарына» ерікті түрде көшіп қонуына тыйым салғаны туралы дерек кездеседі [11, 37 б.]. «Монғол құпия шежіресінде» Шыңғыс хан өзіне бағынышты халықтардың өз еріктерімен көшіп қонуына тыйым салғаны туралы мәліметтер бар. Шыңғыс хан басқаруынан кейін ұлы Үгедей хан басқару кезінде монғол ноендар көші-қон құқығына ие болғанға ұқсайды. Т.И. Султанов «Поднятие на белой кошме. Потомки Чингиз хана» атты еңбегінде: Үгедей хан «жер-қоныс мекендерін және өзен-көл өткелдерді бөліп беру қажет» екендігін мойындағаны жайлы жазады. Осылай барлық жайылым жерлерді ноендардың арасында бөліп беруі, ноендарға жер-қоныс аумағына билік ету құқығын берумен теңестірілген. Дәстүрлі монғол қоғамында XIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап жер-қоныс аумағына иелік ету құқығы ірі ноендардың, яғни ханның сенімді, серіктес ноендарының билігіне көшкенін байқауға болады. Бірақ та көші-қон құқығы және көшу құқығы қалай жүзеге асырылғанын толық білмейінше жерге деген меншік құқығының мазмұнын ашу қиынға түседі. Монғол дәстүрлі қоғамында жер-қоныстың төрт түрі болғанын ғалымдар еңбектерінде жазады. Оларға мыналар жатады: жайлау, күзеу, қыстау, көктеу. Бұларды жыл маусымының әрбір уақытына сай, басқаша айтқанда жылдың төрт мезгіліне бейімдеп пайдаланған. Әрбір рудың жазда – жайлауы, күзде – күзегі, қыста – қыстағы, көктемде – көктеуі болған.

Жерге деген меншікті анықтау үшін көшпелілер қоғамындағы негізгі өндіргіш күш мал ма, әлде жер ме деген сұрақ тұрақты туындайды. Осының жауабы ретінде негізгі өндіргіш күш мал деп шешкен зерттеушілер қоғамда жерге байланысты қатынастардың ұжымдық сипатта болғанын, жерге жеке меншіктің орнамағанын, жайылым-қоныстың жеке-социумдық топтар (ру, тайпа, ауыл) тарапынан бірігіп пайдаланғандығын көрсетуге тырысты [12, 13]. Негізгі өндіргіш күш жер деген байламға келген ғалымдар көшпелілер даласында жерге феодалдық нысанның орнағандығын – жердің феодалдардың үстемдік билігінде болғандығын дәлелдеді [2, 14, 15, 16, 17].

Жер-қоныс аударудың мақсаты көшпелілер кең жайылымға ие болуы, жер-қоныс мекенінде тұрғындардың саны аз болуы, адам басына малдың санын бөлгенде, мал санының көп болуы, тұрғылықты мекенінің болуында.

Шетел ғалымдары, Ресей ғалымдары көші-қон туралы көп еңбек жазған, соңында «монғолдар бес түлік мал бағып, бидайдың, күріштің төрт түрін тамаққа пайдаланып келген», «монғолдар көшпелі өмірге дағдыланған», «монғолдар қысы-жазы жайылым жерді таңдап, көшумен болады» деген байлам жасайды.

Монғолдар жердің алшақтығын көш ұғымымен түсіндіретін болған. Мысалы, бір ноенның ауылы осыдан үш көш жерде. Яғни бір көш жер дегеніміз 15 тен 20 километрге жуық. Кейде осы шама жерді «бір күндік көш жері» деп те қарастырады. Б.Е. Владимирцов монғол көшін үш нысанға бөліп қарайды: 1) рулық кезеңде «хүрээ» («шығырык»), 2) монғол мемлекеті кезінде «айл» («ауыл»), 3) феодалдық дәуірде «хороо нүүдэл» немесе «хот нүүдэл» («қауымдық көш»). Көштің осы нысандары жылдың қай мезгілінде болсын жайлауды дұрыс таңдауға, бес түлік малды қолайлы асырауға бағытталған. Сондықтан монғол мал шаруашылығы жайылымдық қоныспен тікелей байланысты.

XVII ғасырдың бірінші он жылдығында монғол ноендарының арасында жарықшақ пайда болып, ойрат текті қалмақ тайшилері батысқа жол салып бара жатып, қазіргі Қазақстанның солтүстік территориясын басып өткен. Бұл көш қалмақтар үшін өте ауыр болды. Шекара тәңірегіндегі орыстар, татарлар, башқұрттар өз жайылымдарын қорғап, қалмақтарға қарсы тұрды. Қалмақтар бұл көш маршрутын өзгертіп, орталық Қазақстан кең даласы арқылы Жайық пен Еділдің төменгі жағына жетті. Осы өңір қалмақтар үшін қолайлы және жері жайылымдық қажеттілікті толық қанағаттандыратын болғандықтан осы ғасырдың 50 жылдары сол жерлерде тұрақтанды.

XVII ғасырдың 20-40 жылдары патша өкіметі тарапынан қалмақтарға жүргізген саясаты бұрынғыға қарағанда қатандау еді. Бұрында қалмақ тайшилеріне жіберілген патша грамоталарында Есіл өзені бойына қалмақтардың көшіп-қонуына рұқсат берілген болса, 1620 жылы Тобыл және Мәскеу билік иелері аталмыш келісімге қарсы болды.

Патша өкіметі Д. Черкасовты қалмақ ұлысына жіберіп «патша жерін» және яссак татарлар жерін босатуды сұраған. 1630 жылы Далай тайш Уфа маңында көшіп-қонуға рұқсат сұраған. Патша өкіметі бұл сұранысын қанағаттандырмай, бұрынғыдай Ертіс маңында көшіп-қонуына рұқсат береді. 1645 жылы Уфада болған торғауыт елшілері мен Мәскеу өкілдерінің арасында Жайықтың жоғары жағында қалмақтардың қоныстары туралы мәселе шешілмегендіктен башқұрттар мен қалмақтар арасында қақтығыстар жиі кездесетіндігі жайлы әңгімеленеді. 1648 жылы патша өкіметі қалмақтардың сұрағын шешіп, оларды Жайық, Ор, Қыялу, Сакмара және басқа да өзендердің

бойында көшіп-қонуына рұқсат береді. Қалмақтар малға жайлы жайылым, өздеріне ыңғайлы жер-қоныс іздеу мақсатында Сібір орталығы және Уфа арқылы ары қарай көш басын жалғастыра берді. Олар оңтүстік-батыс бағытта Ембі, Жайық даласы арқылы Еділ бассейніне дейін жетті. Қалай башқұрттармен жанжалдасып, жауласып отырды, солай ноғайлармен де күресіп, оларды Еділдің ар жағына ығыстырды. Деректерге негізделсек, 1608 жылы қалмақтар Ембі өзенінің бойында болған дейді, сол кезден бастап ноғайлармен қарым-қатынасқа түскен. Патша өкіметі ноғайларды қорғап, Еділ арқылы солтүстік жағалауға қайта әкелгенімен қалмақтар қарап жатпады. 1642 жылы Хо-Орлюк Сібір мекенді жерінен көшіп Жайықтың бойында жайлаған болса, 1643 жылы Самара төңірегінде көшіп жүрді. Қалмақтардың өздеріне ыңғайлы жер-қоныс іздеуі Ресей өкіметімен саяси қатынастарға итермелеп, олардың қол астына кіріп, жер иемдену мақсатын орындату үшін әр түрлі саяси шараларды қолдануына әкеп соқтырды. Орыс жерінің иесі «ақ патша» оларға белгілі территорияны бөліп, жер-қоныс ретінде бергенін қалады. XVII ғасырдың ортасында жер-қоныс мәселесі тіпті де белсенді көтеріле бастады. Қалмақ ұлыс өкілдері әр түрлі себеппен патша өкіметі өкілдерімен кездесуді жиілетті. Негізгі мақсаты жер-қонысын анықтау. Астрахань өңірінде Еділ мен Жайықтың бойында көшіп-қонып жүрген қалмақтар патша өкіметінің қарсылығына қарамастан өз көшін жалғастыра берді. 1655-1657 жылдары қалмақ тайшилері мен патша өкіметінің өкілдері жер-қоныс туралы мәселе бойынша бір шешімге келіп қалмақ тайшилерінің орыс бодандығына енгені туралы құжаттарды дайындайды. 1655 жылғы құжатта қалмақ тайшилеріне Еділ жағалауында көшіп-қонуына құқық беріледі. Яғни Еділдің Ноғай жағымен Ақтөбе және Белужа маңында көшіп-қонуына қарсылығын білдірмейді. 1657 жылдың 6 шілдедегі патша грамотасында Дайчин мен Моншақ тайштердің сұранысын қанағаттандырып, Еділ бойында көшу құқығы беріледі. Жер-қоныс шекарасы былай анықталған: Қырым жағынан Царицинаға дейін, Ноғай жағынан Самараға дейін. Қыста Каспий теңізінің жағалауында немесе басқа жақын маңда көшуіне болады [18, 57 б; 19, 34 б.].

Сонымен қалмақтар өзіндік қоныс аударып мал шаруашылығымен айналыса алатын және мемлекеттілік құрылу ең негізгі белгісі болып табылатын территория мәселесі шешілген сияқты болды. Осы рұқсат алынған территорияда монғол дәстүрі бойынша қалмақ ханы саяси және экономикалық билігін жүргізген. Қалмақ ханы көші-қонды толық басқара алатын. Көші-қонды басқару құқығы дегеніміз ханның және ноендардың саяси билігін білдіреді. Мысалы, торғауыт ноены Хо-Орлюктың Ресей

территориясына көшті бастаған бастамасын айтуға болады. Жер-қоныс аумаған ауыстыру мәселесін таза саяси және тіпті сыртқы саяси мәселелердің қатарына жатады. Көші-қонды басқару құқығына хан ие болса, жер-қоныс аудару мәселесін шешуде тек хан ғана емес, өкілетті органның шешімі қажет.

Ноендар чулғанында (*өкілетті жиналысында У.Ш.*) дала өлкесінде қалмақтардың көшу туралы мәселесін қарастырып, жер-қоныс аумағын ұлыстарға және аймақтарға жеке-жеке бөліп берген. Ноенның иелігінен және аймақтан өз еркімен көшіп кеткен отбасын қалмақ құқығы бойынша тоғыз бас малға және басқа да қатаң жазаға тартады. Жақсы жайылымдар және аң аулау жері ноендардың билігінде болған.

Жерді пайдаланудың қоғамдық сипаты 2-3 ұрпақты біріктіретін өзіне тән ерекшелігі бар қалмақ қоғамын құрды. Құжаттарда куәландырғандай, көші-қон ауыстыру кезінде туындаған дауларды ноендар арасында шешіледі. Ал қалған қалмақтар үн-түнсіз хан шешіміне немесе ноендардың чулғаны шешіміне бағынуға тиісті. 1649 жылы Дайчин ноен мен Лаузан ноен Кундулен тайш көшіп келуіне байланысты көші-қонды қайта бөлуге өзара келісімге отырған. Ол 50-ші жылдарда жүзеге аса бастады. Көші-қон орындарын таңдау мен белгілеу құқығы қалмақ қоғамындағы дала аристократтар мен олардың үстемдік жағдайының экономикалық күштілігін бекітіп, нығайта түсті. Негізгі ноен тайшилар нутуктармен (жер-қоныс) және ұлыстарында (билігіндегі жұрт) өз еркімен тәуелсіз билікке ие болды, жақсы жайлымды өздерінің туыстарына және жақындарына таратты. Габан-Шарабтың «Сказание об ойратах» еңбегінде торғауыт тайшысы Дайчин өзінің ұлысын төрт бөлікке бөліп берген деп баяндалады, үлкенін өзіне қалдырып, ал қалғандарын теңінен ұлдарына бөліп берген.

1640 жылы ойрат ноены Эрден-Батыр-хунтайджидың бастамасымен Жоңғарда ойраттар мен монғол ноендарының үлкен құрылтайы өтті. Құрылтайға қалмақ тайшылары Хо-Орлюк пен Дайчин қатысқан. Құрылтай ойрат және монғол ноендарының арасындағы қатынастарды, қарама-қайшылықты реттеуге бағытталған. Қалмақ қоғамында ноендардың өзіндік иерархиясы болған. Ірі ноендар иелігінде ірі ұлыс, көлемді жер, шенеунік штаты, ту көтерушілер, нөкерлер және әскерилер болған. Ірі ноендарға төменгі сатыдағы кіші ноендар бағынған. XVII ғасырдың басында Ресей шекарасына қоныс аударып келген қалмақтардың арасында 5 ірі ноендар және 45 кіші ноендар болған дейді [19, 83 б.]. Кіші ноендар және зайсангилар ірі ноендардың иелігінде болады және оларға малымен салық төлейді, басқа да төлемдерді төлеуге міндетті. Натуральдық шаруашылық және көшпелі өмір ноендардың арасындағы қарым-қатынастың

мықты, мызғымайтын тұрақты болуына кедергі болды.

1664 жылғы желтоқсанда Моншақ хан Еділ бойының таулы жағына қоныстануы туралы патша грамотасын алды. XVII ғасырдың 50 жылдары қалмақ халқының тіршілігі үшін ең маңызды мәселесі жер-қоныс туралы сұрақтары шешілді. Осы кезден бастап, Ресей тарапынан қалмақтарға жер-қонысты бөліп беру туралы мәселесі көтерілді. Қалмақтарға қоныс жер ретінде төменгі Еділдің даласы қазіргі қалмақ автономдық республикасы орналасқан территориясы берілді.

Қалмақ ұлысы жайылым іздеп, кең дала кеңістігінде көше берген. XVII ғасырдағы орыс қайнар көздерді оларда «жайлау» және «қыстау» деген көші-қонның екі түрі болғанын жазады. XVII ғасырдың басында Ресей шекарасына көшіп келген дәрбет ноены Далай-батыр тайштің жайлауы Есіл өзенінің жоғары жағында, ал қыстауы Қазақ хандығымен шекаралас Қарақұммен Үргеніштің бойында болғанын жазады. [18, 48 б.].

Ресей территориясында пайда болған Қалмақ хандығының мемлекеттік билігі толығымен ханның қолына шоғырланды. Жер-қоныс көшу құқығы ханның қолына ауысты. Тарихи деректерге көз жүгіртіп отырсақ, көшпелі халықтарға тән қасиет бойынша өзара келіспеген кейбір ноендар енді казактарға көшіп кететінді шығарған. 1696 жылы қалмақ ноены Баахан тайш Петр I-ге Черкасскының маңынан Донға қарай жер-қоныс беруін өтініп, сұрайды. Петр I рұқсат береді [22, 13 б.]. Н. Маслоковец 1702 жылы өкіметтің келісімімен Донға бір топ қалмақтар көшіп келген және 1747 жылы Дәрбет тайш Солом-Доржиге Петр I келесі мәтіндегі рұқсат қағазын береді: «Право самим выбирать кочевья, как по Волге, так и по Дону, согласно их собственному желанию» [23, 145 б.]. 1769 жылғы Паллас П.С. Қалмақ даласында болып келіп, былай деп жазған: «Калмыки со стадами своими зимою кочуют в полуденной стороне Волжской степи и вдоль берегов Каспийского моря. Здесь мало выпадает снега, что облегчает скоту возможность добывать себе подножный корм. Камыши, обильно растущие по морскому побережью, служили убежищем скоту на случай зимней непогоды. Использовались они и в качестве топлива» [24, 481-482 бб.]. Көктемде қалмақтар солтүстікке көшетін болған, ал жазда Царицынаға дейін жететін. Күзде оңтүстікке, қыста Каспий теңізінің жағалауына қайтып келетін. 1768 жылы П.С. Паллас Ставрополь бекінісіндегі қалмақтардың өздеріне шөп шауып алғанын көріп, таң қалады және Қондураш өзенінің жағалауында қалмақтар жұмыскерлер жалдап, жерге егін сеуіп жатқанын байқайды. Қарастырып отырған осы кезеңде Каспий теңіз жағалауындағы қалмақтардың балық аулаумен

айналыса бастағаны да байқалады. Осылай қалмақтардың арасында басқа да өндірістік қатынастар дами бастаған.

Сонымен XVIII ғасырда қалмақтар жерді пайдаланудың хотондық нысанын қолданған. Мезгілдік қоныс аудару, яғни көшу кезінде 10-30 түтінді қамтитын ауыл болып көшкен. Қалмақ хандығының соңғы хандарының бірі Дондук-Даши ханның қаулысында былай деп көрсетілген: «Кез келген ауыл өзінің жағында болуға тиісті – оң жақ, сол жақ немесе ортада. 40 түтінді бір аймақ деп санап, егер осы 40 түтіннен бөлек көшсеңдер, 4 жасар түйе айыппұл төлеу және өз аймағына барып қосылу. 40 түтіннің ішіне кірмей жүрген адамдардан 1 жасар жылқы төлету». Қалмақтардың жерді пайдалану нысаны осылай құқықтық құжатпен реттелген екен.

Қалмақ қоғамында жер тікелей ханның немесе билеуші ноенның билігінде, басқаша айтсақ меншігінде болған. Меншік иесі жерді пайдалану және иемдену тәртібін көші-қон арқылы бақылап, тәртіпке келтіріп, реттеп отырған. Жерді пайдалану және иемдену үрдісін реттеу арқылы мал шаруашылығы дамуын да ретке келтірген.

Жер-қоныс аумағына билік ету, көші-қон құқығы және көшу құқығы монғол дәстүрі бойынша әдет-ғұрып нормаларымен реттелген. Демек жер-қоныс аумағына билік ету құқығы қалмақ ханына, көші-қон құқығы, көшу құқығы ханға немесе ірі ноенға берілген. Аталмыш құқықтар жиынтығы жер меншік құқығы мазмұнын құрайды. Сондықтан жер меншік құқығы патшаның қолында, ал иелік ету және пайдалану құқығы көшпелі қалмақ мемлекетінің ханына жүктелген. Хан жерге меншік құқығы болмағанымен оның иелігіне берілген жер-қоныс аумағына билік ету құқығы сақталған.

Әдебиеттер:

1. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). -Алматы, 1997.
2. Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934.
3. Ивamura Ш. «Монгор шакай кэйзай ши но кэнкю» (Монголын нийгэм эдийн засгийн түүхийн судалгаа). Киото. 1968. Б. Түмэнжаргалын орчуулга.
4. Г.А. Федоров-Давыдов. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973.
5. Древнетюркский словарь, Л. 1969.
6. Владимирцев Б.Я. По поводу древне-тюркского Отүкен йиш (Доклады АН СССР). 1929. «В». - с. 133.
7. Поппе Н.Н. Золотоординская рукопись на бересте. М-Л., 1941. фрагмент XXIII. 28. фрагмент XXIV, 33.
8. Шара туджи. Монгольская летопись ХУІІІ века. Сводный текст, пер., введ. и примеч. Н.П. Шастиной. М.-Л., 1957.
9. Дамдинсүрэн Ц. Зуун билэг. УБ. 1959.

10. Раднабадараа, Рабжамба Зая бандидын тууж, сарны гэрэл хэмээгдэхүй. УБ. 1959.
11. Кычанов Е. Жизнь Темучжина, думавшего покорить мир. Чингизхан: личность и эпоха. М. 1995 г.
12. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов в XVIII-XIX веков. А., 1971.
13. Шахманов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община. А., 1964.
14. Златкин И.Е. К вопросу о сущности патриархально-феодалных отношений у кочевых народов. «Вопросы истории», 1955. № 4.
15. Вяткин М.П. Батыр Срым. М. Л., 1947.
16. Зиманов С.З. Общественный строй казахов в первой половине XIX века. А., 1958; Политический строй Казахстана конца XVIII и XIX в. А., 1960.
17. Еренов А.Е. Очерки по истории земельных отношений у казахов. А., 1960.
18. Калмыцкие дела. 1657 д. 2.
19. Калмыцкие дела. 1658 д.2.
20. Русско-монгольские отношения в 1607-1636 гг. Сб. документов. 1959 № 16.
21. Богоявлинский С.К. Материалы по истории калмыков в первой половине XVII в. – «Исторические записки», 1939, Т.5.
22. Маслоковец Н. Статистическое описание кочевья донских калмыков. Новочеркасск, 1864.
23. ЦГА КАССР, Ф. р.- 145
24. Паллас П.С. путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч. 1. Изд. 2. СПб; 1809 г.